

**2018 жылғы 05 қаңтардағы № 1 бұйрықпен бекітілген
«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС тауарларды, жұмыстарды және
қызметтерді электрондық сауда-саттық жүйесі туралы ережесіне
№ 9 ӨЗГЕРІС**

1. Ережеге Д, Е, Ж, З, И, К қосымшаларына келесі өзгерістер енгізілсін:

1.1 Д, Ж, И шарттарының 6-бөлімінің 6.6-тармақшасы;
Е, З, К шарттарының 5-бөлімінің 5.6-тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«6.6 (5.6) Тараптар электрондық пошта арқылы алынған Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Шарт көшірмесінің заңды күшін таниды.

Әрбір тарап Шарттың түпнұсқасына белгіленген данада қол қоюға және екінші Тарапқа жіберуге міндетті.

Тарап Шартқа қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз нұсқасындағы үш данасын екінші Тараптың мекенжайына қолма-қол немесе пошта арқылы жібереді. Шартты алғаннан кейін Тарап қол қойылған және мөрмен бекітілген екі данасын оны нақты алған сәттен бастап келесі күннен кешіктірмей жіберуші Тараптың мекенжайына кері жіберуге міндетті. Жіберу қолма-қол немесе экспресс-поштамен, жіберу/алу туралы пошталық хабарламаны міндетті түрде ресімдей отырып жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген мерзімде Шарт жіберілмеген жағдайда, Сатушы Сатып алушының талап етуі бойынша әрбір мерзімі өткен күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,01% мөлшерінде Сатып алушының пайдасына тұрақсыздық айыбын төлейді.

Сатып алушы, сондай-ақ өз қалауы бойынша Шарт бойынша төлемді Шарт бойынша белгіленген төлем мерзімінде Шарттың түпнұсқасын қайтару бойынша мерзімі өткен күндерге мөлшерлес санына тоқтата тұруға құқылы. Сатушы осы күндер үшін шарт бойынша төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін тұрақсыздық айыбын есептемейді.».

ИЗМЕНЕНИЕ № 9
к Положению о Системе электронных торгов
товаров, работ и услуг ТОО «Корпорация Казахмыс»,
утвержденному приказом от 05 января 2018 года № 1

1. Внести в приложения Д, Е, Ж, З, И, К к Положению следующие изменения:

1.1 подпункт 6.6 Раздела 6 договоров Д, Ж, И; подпункт 5.6 Раздела 5 договоров Е, З, К изложить в новой редакции:

«6.6 (5.6) Стороны признают юридическую силу копии Договора, подписанного уполномоченными лицами Сторон, полученной по электронной почте.

Каждая Сторона в обязательном порядке обязана подписать оригинал Договора в установленном количестве экземпляров и направить другой Стороне.

Сторона не позднее одного рабочего дня с даты подписания Договора направляет три экземпляра на бумажном носителе в адрес другой Стороны нарочно или по почте. Получив Договор, Сторона обязана направить два подписанных и скрепленных печатью экземпляра обратно в адрес отправившей Стороны не позднее следующего дня с момента его фактического получения. Отправка производится нарочно или экспресс-почтой с обязательным оформлением почтового уведомления о направлении/получении.

В случае ненаправления в вышеуказанный срок Договора, Продавец по требованию Покупателя уплачивает неустойку в пользу Покупателя в размере 0,01 % от общей суммы Договора за каждый день просрочки.

Покупатель также вправе по своему усмотрению приостановить проведение платежа по Договору в установленный срок оплаты по Договору на соразмерное количество просроченных дней по возврату оригинала Договора. Неустойка за просрочку платежа по Договору за эти дни Продавцом не начисляется.»